| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **1. Тіл дамыту**<br>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі<br>**Міндеті:**<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Қолды жазуға дайындау<br>**Міндеті**: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше | **1. Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау<br>**Міндеті:**<br>Циферблат бойынша уақытты анықтауға үйретуді жалғастыру<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>Қолды жазуға дайындау<br>**Міндеті**: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты | . | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланысты бірізді сюжет құрастыруға, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға үйретуді жалғастыру.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>«Қыс» мезгілі<br>**Міндеті:**<br>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулуды жалғастыру<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыруды жалғастыру**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері<br>**Міндеті:**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйретуді жалғастыру.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>**«**Жыланша жүгіру»<br>**Міндеті:** шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені | жазуға мүмкіндік беру.<br>**2.Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау<br>**Міндеті:**<br>Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, олардың ретін білу және атау,<br>**3.Қазақ тілі**<br>Байланыстырып сөйлеу<br>**Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулуды жалғастыру<br>**4. Музыка**<br>«Аяз ата»<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйретуді жалғастыру. Орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды таныстыруды жалғастыру | қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуға үйрету<br>**3. Жапсыру / сурет салу / мүсіндеу/ құрастыру**<br>«Ауылдағы ата-әжемнің үйінде»<br>**Міндеті:**<br>**Жапсыру**<br>Топпен бірлесіп сюжеттік композиция («Ауыл өмірі») жасауға, міндеттерді өзара келісіп атқаруға баулу. Сюжетте балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, заттардың пропорцияларын сақтау.<br>**Сурет салу**<br>Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білуге үйрету. Түстерді өз қалауы бойынша таңдауға үйрету.<br>**Мүсіндеу**<br>Қазақ халқының зергерлік бұйымдарының (білезік, жүзік) пішінін жасау және оларды моншақпен безендіруге баулу. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;<br>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауға үйрету. | | **Құрастыру**<br>Жазық қағаздан көлемді пішіндерді (текше, конус) шығару әдістерін қолдануды бекіту<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>«Жүрумен жүгіруді алмастыру»<br>**Міндеті:** жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге үйретуді жалғастыру;<br>Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналуға үйрету. | | |
| 2-ші таңғы ас | Гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті**, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау **(тіл дамыту, коммуникативтік әрекет).** | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинауды қалыптастыруды жалғастыру (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| Серуен | **Қардың астында өсетін өсімдіктерді бақылау (карта №20)**<br>**Міндеті:**<br>Балаларға жазда өсіп, қазір қардың астында қалған өсімдіктерді ұқыптылықпен қазып алуды ұсыну.Қардың астындағы шөпті бақылау.<br>**Көркем сөз**<br>Аппақ қыстың бораны,<br>Аяз шымшып алады,<br>Аппақ қыстың бояуы.<br>Боран мен жел болады.<br>Ақ көрпеге орайды,<br>Туған жердің ақ қысы,<br>Ақ қыс байтақ даланы.<br>Ақ құшағын жаяды.<br>**Мақал-мәтелдер** Еңбекке үйренем десең, ерінбе,<br>Өнерге үйренем десең, жерінбе.<br>Ертегі «Аяз атаны күткен бала». С.Оспанов.<br>**Қозғалыс ойындары:** «Біз көңілді балалармыз»Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіріп шығу, бір-бірін итермеу, ойынның шартын сақтау( ескертуден аулақ болу).Балаларды ойын талабына сай шапшаңдыққа, икемділікке баулу.<br>**Еңбек қызметі** | **Адам таситын көліктерді бақылау (карта №21)**<br>**Міндеті:**<br>Адам таситын көліктерді бақылауға алу білімдерін кеңейтуді жалғастыру. Оларға автобустың арнайы тротуарға жақын аялдамаға тоқтайтынын түсіндіру.<br>**Көркем сөз**<br>«Жолың болсын!»<br>Атам шықса сапарға.<br>–Жолың болсын! –дейді апам. Апам шықса сапарға:<br>-Жолың болсын! - дейді атам.<br>-Жолың болсын! - дейді олар, Үлкенге де кішіге.<br>-Жолың болсын! - дейді олар Ұшырасқан кісіге.<br>Осы сөзде байқадым<br>Қуат барын, күш барын. –<br>Жолың болсын! –<br>айтамын, Алыс жолға шықса кім!<br>Жұмбақ Көше бойлап аяңдайды, Адам тасып аялдайды.(автобус)<br>**Мақал-мәтелдер** Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер.<br>Тақпақ «Автобус» | **Баяуборасынды бақылау (карта №22)**<br>**Міндеті:**<br>Жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу(қазылған жер).Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауаға қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Айдама қарды қырманнан ойшыққа, бос жерлерге апарады. Балалардың сөздік қорларын молайту.<br>**Көркем сөз**<br>Тақпақ «Қысқы кеш» А.С.Пушкин.<br>Кешкі боран көкті бүркеп,<br>Тозған лашық қамысындай,<br>Қарды үйіріп соқты үдей.<br>Суылдайды кей уақыт.<br>Жас баладай өксиді кеп,<br>Түн қатқан бір жолаушыдай,<br>Кейде ұлып бөрідей.<br>Қағады әйнек бей уақыт.<br>**Қозғалыс ойыны:**<br>«Пятрасқа киім керек» (литваның ұлттық ойыны)<br>Қысқы киім атауын атай білуді бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту(киім атауларын есте сақтау), дабылға назар аудару | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші топтағы балаларға алаңдағы қарды тазалауға көмектесу. Балаларды балабақша ауласында қар тазартып, қарды сырып,жүретін жол қалдырып, тазалық сақтауға үйретуді жалғастыру.<br>**Дидактикалық ойындар. Эксперименттер және тәжірибелер** «Болады-болмайды» Танымдылық, ойлау қабілеттерін дамыту. Тәжірибе.Аулаға шыққанда екі ыдысқа су құйып алып шығу.Бір банканы қардың үстіне қойып, екінші банканы қардың астына көміп тастау.Қай банкадағы су бірінші қатады?<br>**Қорытынды:** ауадағы су бірінші қатады.<br>**Жеке жұмыс**: заттарды кеңістікте орналастыруға үйретуді жалғастыру (сол жақта, оң жақта)<br>**Өз бетінше іс-әрекет** Балаларды ойын барысында ойыншықтарын айырбастауға, тақырыпқа сай түрлі материалдар арқылы ойын құрастыру; балалардың өздері дайындаған ойыншықтарды қолдану.<br>**(зерттеу іс-әрекеті,** | Е.Елубай.<br>Автобус іші көңілді,<br>Автобус алға зырлайды,<br>Көлік қой ол сенімді.<br>Бағытынан еш аумайды.<br>Вокзал, театр, мектепке<br>Зыр айналар дөңгелек,<br>Жолаушылар мінгізіп,<br>Көлік ол бізге ең керек.<br>Асығар тез жетпекке.<br>**Қозғалыс ойындары:** «Шұңқырға сыпыру» (өзбек халқының ұлттық ойыны) Көлденеңнен сыпырып, сыпырып жатқан жолақты баспауға үйретуді жалғастыру; өздерінше командаға бөлу( санау немесе қызығушылықтары бойынша); ойын ережесін сақтау(команда ойыншысы бір реттен сыпырады).Шағын топта үйретуді жалғастыру.<br>**Еңбек қызметі** «Қардан сырғанайтын тау жасау» **Дидактикалық ойындар. Эксперимент және тәжірибе** «Жақсы-жаман» Балаларға өз қылықтарын бағалап, көлік ережесін сақтай білуге үйретуді жалғастыру.<br>**Жеке жұмыс**: заттарды | (ортаға тұрған кезде бос орынға тұру).Нақтылыққа, сенімділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек қызметі** Таушыққа су құю<br>Су құрамы туралы білімін бекіту( аязды күндері ол қатып қалады). Тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; өз еңбегіне жауапкершілікпен қарау.<br>**Дидактикалық ойындар. Эксперименттер және тәжірибелер** Тәжірибе. «Борасын күшін анықтау» Жел күші арқылы борасынды анықтау жаттығулары.<br>**Жеке жұмыс**: заттарды кеңістікте орналастыруға үйретуді жалғастыру (сол жақта, оң жақта)<br>**Өз бетінше іс-әрекет** Ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау.Ойын әркеттерін қалыптастыруды жалғастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | кеңістікте орналастыруға үйретуді жалғастыру (сол жақта, оң жақта)<br>**Өз бетінше іс-әрекет**<br>Балаларды ойынға керекті құрылыс заттарын жасауға үйретуді жалғастыру(үй, пароход және т.б.) Ойынның мазмұны мен тақырыптарын кеңейтуді жалғастыру және дамыту.<br>Саусақ жаттығулары<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | | | |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйретуді жалғастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыруды жалғастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже айту | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыруды жалғастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. Өз төсек орнын тауып жатуды үйретуді **жалғастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет) | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру | **Ұйқыдан кейінгі жаттығулар**<br>**№ 8**<br>**Керуеттегі жаттығулар** | | | | |

| | |
|---|---|
| шаралары | Қане, балалар,<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br><br>**Керует жанындағы жаттығулар**<br>- Б. қ.: қолды жанына түсіріп тұру, аяқ арасын сәл ашып тұру, қолды жанынан жоғары көтеру, керілу.<br>- Б. қ.: аяқ арасын сәл ашып, қолды түсіріп тұру, «маятник» кеудені кезектестіріп солға, оңға иілу, әр жаққа.<br>- Б. қ.: аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолдың саусақтарын айқастырып, бастан жоғары ұстау. «Ағаш жару»- жылдан алға еңкею, қолды алға, төмен, б. қ. келу.<br>- Б. қ.: еденде тізеңе бүгіп отыру, қолды артқа тіреп отыру, аяқты алға созу, жоғары көтеру, түсіріп алға созу, б. қ. келу.<br>- Бір орында тұрып немесе шашырап секіру.<br><br>**Шынықтыру шарасы.**<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нұктелі<br>Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>**Демалуды қалыпқа келтіру** .<br>Қол үстасып тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық,<br>Көріскенше күн жақсы<br>Сау саламат болайық! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйретуді жалғастыру. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйретуді жалғастыру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйретуді жалғастыру**.** **(мәдени-гигиеналық дағдылар) (дене тәрбиесі**)** | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Асты тауысып жеуге үйретуді жалғастыру. (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Бейнелеу іс-әрекеті:** «Табиғат» тақырыбына суреттерді қарастыру, сурет салу **Міндеті:** Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беруге (өсімдіктер, жануарлар, құстар) үйрету. Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білуге үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын-ұлт қазынасы:** «Бестемше» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | **Дидактикалық ойын:** «Музыканттар» **Міндеті:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке орындауға үйретуді жалғастыру **(музыка****)**<br><br>**Ұлттық ойын-ұлт қазынасы:** «Жүзік жасырмақ» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | **Шығармашылық іс-әрекет:** «Шырша» жапсыру **Міндеті:** Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді , (шыршалар, қар ұлпалары) қиюды үйрету. Екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндерді қию дағдыларын одан әрі күрделендіріп пысықтау **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Мен білемін, үйренемін» **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс тұжырымдауға, өз пікірін айтуға үйретуді жалғастыру; Әңгімелерді бірізді айтып беруге үйретуді жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Ұлттық ойын-ұлт қазынасы:** «Бес асық» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**)** **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Физикалық қасиеттерді дамыту** Шанамен сырғанау. **Міндеті:** спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасымен таныстыруды жалғастыруды жалғастыру **(дене тәрбиесі**)** *Н. Нурсана,* | **Физикалық қасиеттерді дамыту** **Міндеті:** сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүруге үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**)** *М.Кәусар* | **Физикалық қасиеттерді дамыту** **Міндеті:** доптарды домалатуды, заттарды қашықтыққа лақтыруды, доптарды кедергілер арқылы лақтыруды және қағып алуды жалғастыру **(дене тәрбиесі**)** *Б.Аиша* | | |
| Серуенге дайындық | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйретуді жалғастыру. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйретуді жалғастыру. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** | | | | |
| Серуен | **Қардың астында өсетін өсімдіктерді бақылау (карта №20)** **Міндеті:** Балаларға жазда өсіп, қазір қардың астында қалған өсімдіктерді ұқыптылықпен қазып алуды ұсыну.Қардың астындағы шөпті бақылау. **(экологиялық мәдениет)** | **Адам таситын көліктерді бақылау (карта №21)** **Міндеті:** Адам таситын көліктерді бақылауға алу білімдерін кеңейтуді жалғастыру. Оларға автобустың арнайы тротуарға жақын аялдамаға тоқтайтынын түсіндіру. | **Баяуборасынды бақылау (карта №22)** **Міндеті:** Жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу(қазылған жер).Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауаға қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Айдама | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(экологиялық мәдениет)** | қарды қырманнан ойшыққа, бос жерлерге апарады. Балалардың сөздік қорларын молайту. **(экологиялық мәдениет)** | | |
| Серуеннен оралу | Алақанды жуамыз.<br>Аяз да бар, қар да бар, Қыстың қызық сыйы бар.<br>Біз сыртта ойнадық, шанамен сырғанадық,<br>Қар ұстадық, қар лақтырдық.<br>Аяқ-қолды мұздатып,<br>Үсіп қалмайық, балалар.<br>Қолды сабындап жуыңдар, Тамшы суды шашыңдар.<br>Орамалмен құрғатып, Жылынып бір алыңдар.<br>**Балаларға сұрақтар қою арқылы әңгімелесу:**<br>• Сыртта ауа райы қандай екен? (Суық, аяз, желді, қарлы.)<br>• Қар қандай болады? (Ақ, жұмсақ, суық, үлпілдек.)<br>• Серуенде не істедік? (Қардан адам жасадық, шанамен сырғанадық, қар атыстық.)<br>• Қазір не істеуіміз керек? (Жуыну, киімді шешу, жылыну.)<br>Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі**** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**«Жаңылтпаштар әлемі»**<br>**Міндеті:**<br>Жаңылтпаштар жаттату, Балаларды шешендік өнерге баулуды жалғастыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі***)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:** «Жол белгілерін жина» (Пазл)<br>**Міндеті:** Жол белгілерін тану.<br>**Барысы:** Балаларға | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>Қыс мезгілі туралы өлеңдерді оқу, жаттау<br>**Міндеті:** Шағын өлеңдер, санамақтар, тақпақтар жаттату. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулуды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі***)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:** | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Театраландырылған ойын:**<br>**«**Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналау<br>**Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөліктерге бөлінген жол белгілері (жаяу жүргіншілер өткелі, ескерту белгілері) беріледі. Олар оны құрастырып, белгінің не білдіретінін айтып беруі керек.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:** Сөйлеу тілдерін дамыту, өз ойларын жеткізуге үйретуді жалғастыру<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз! | **«**Өрт сөндірушілер жаттығуы»<br>**Міндеті:** Өрт кезіндегі ептілікті және «101» нөмірін есте сақтауды дамыту.<br>**Барысы:** Кедергілер жолағы жасалады (туннельден өту, орындықтан аттау). Бала соңында ойыншық телефонға жүгіріп барып, «101» нөмірін теріп, өз аты-жөнін және мекенжайын (немесе балабақша атын) айтуы керек.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:** Сөйлеу тілдерін дамыту, өз ойларын жеткізуге үйретуді жалғастыру<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Міндеті:** Отпен ойнаудың қаупін түсіндіру.<br>**Барысы:** Себетке түрлі заттардың суреттері салынады (сіріңке, шам, доп, қуыршақ, үтік, кітап). Балалар «от шығуы мүмкін» заттарды бір жаққа, қауіпсіз ойыншықтарды екінші жаққа бөліп қоюы тиіс.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:** Сөйлеу тілдерін дамыту, өз ойларын жеткізуге үйретуді жалғастыру<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Қысқы табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну. | Құстарға жемсалғыш жасауды ұсыну | Ата аналарды балабақшада бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыруды жалғастыру | | |

## Дидактикалық ойындар:

**1. Құқықтық сауаттылық ойындары («Адал азамат» бағдарламасы)**
**«Кімнің құқығы бұзылды?» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Ертегілер арқылы құқық бұзушылықты ажырата білуге баулу, ертегі кейіпкерлерінің мысалында құқықтармен таныстыруды жалғастыру.
**Ойын ережесі / Барысы:** Тәрбиеші суреттерді көрсетеді немесе ертегіден үзінді оқиды. Балалар қай кейіпкердің құқығы бұзылғанын айтып, карточкаларды «Дұрыс» және «Бұрыс» деп екіге бөледі. *Мысалы:* «Бауырсақ» ертегісінде түлкі бауырсақты жеп қойғанда – өмір сүру құқығы; «Үш аюда» немесе «Үш торайда» – тұрғын үйге қол сұғылмаушылық; «Күлше қыз» ертегісінде – демалу және ойнау құқығы бұзылғаны талқыланады.

**«Рұқсат етіледі – Тыйым салынады» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Қоғамдағы тәртіп ережелерін үйретуді жалғастыру.
**Ойын ережесі / Барысы:** Тәрбиеші әртүрлі іс-әрекеттерді дауыстап айтады. Егер айтылған әрекет баланың құқығына сай келетін жақсы іс болса, балалар шапалақ ұрады («Рұқсат»). Егер тәртіпке жатпайтын жаман әрекет болса, балалар аяқтарын тыпырлатады («Тыйым»).

**«Сиқырлы сандықша» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Баланың жеке заттарына қол сұқпау керектігін және өз құқықтарын түсіндіру.
**Ойын ережесі / Барысы:** Ортаға әдемі сандықша қойылады. Оның ішіне әртүрлі заттар салынады. Балалар сандықшадан затты алып, оның қандай құқыққа байланысты екенін айтады: туу туралы куәлік – есім алу құқығы; ойыншық – ойнау құқығы; дәрі-дәрмек (ойыншық түріндегі) – емделу құқығы.

**«Көмекке асығайық» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Құқық пен міндеттің аражігін ажырату.
**Ойын ережесі / Барысы:** Тәрбиеші түрлі жағдайларды, іс-әрекеттерді атайды. Егер аталған әрекет баланың **құқығы** болса (мысалы: ойын ойнау, дәрігерге қаралу) — балалар қолдарын жоғары көтереді. Ал егер ол баланың **міндеті** болса (мысалы: тәртіп сақтау, үлкендерге көмектесу, ойыншықтарды жинау) — қолдарын белдеріне қояды.

**«Кімнің үйі жақсы?» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Тұрғын үйге, баспанаға деген құқық туралы түсінік беру.
**Ойын ережесі / Барысы:** Көрнекілік ретінде «Үйшік», «Үш торай», «Мұз үй мен ағаш үй» сияқты ертегілердің суреттері қолданылады. Тәрбиеші ертегілерден үзінді оқиды, ал балалар қай кейіпкердің үйі бұзылғанын немесе тартып алынғанын анықтайды. Мысалы, түлкі қоянның үйін тартып алғанда оның баспанасыз қалмау құқығы бұзылғанын талқылайды.

## 2. Қаржылық сауаттылық ойындары («Адал азамат» бағдарламасы)

**«Жарнамаға сенуге бола ма?» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Жарнаманың не екенін және оған сын көзбен қарауды үйретуді жалғастыру, 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.

**Ойын ережесі / Барысы:** Балаларға жарнаманың сипаты түсіндіріліп, оның дұрыс-бұрыстығы сыналады және мазмұнына қарай сандарды тура, кері санау тапсырмалары орындалады.

**«Тиынды жина» дидактикалық ойыны (Үнемшілдік және жинақтау)**
**Міндеті:** Тиындардың номиналын тану, ақшаны үнемдеуге және жинақ сандықшасының (копилка) қызметімен таныстыру, 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, теңдік пен теңсіздікті ажырату.
**Ойын ережесі / Барысы:** Балалар тиындарды жинай отырып, оларды үнемді тұтыну ережесімен танысады. 10 көлеміндегі заттарды салыстырып, саны кем затқа бір зат қосу немесе көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдік пен теңсіздік шығару ережелерін қолданады.

**«Ақша қайдан келеді?» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Еңбек пен табыс арасындағы байланысты түсіндіру, ақшаның еңбек арқылы келетінін ұғындыру.
**Ойын ережесі / Барысы:** "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарына дұрыс жауап беру, жиынның бір бөлігі ретінде заттар тобын ажырату ережелеріне негізделеді.

**«Тауар ма, әлде қызмет пе?» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Зат сатып алу (тауар) мен біреудің көмегін пайдалану (қызмет) арасындағы айырмашылықты үйрету.
**Ойын ережесі / Барысы:** Балалар ұсынылған жағдаяттарды тауар немесе қызмет деп ажыратады, сонымен бірге 10 көлеміндегі сандарды салыстыру арқылы математикалық теңдіктер құрады.

**«Бұл не? Қажеттілік пе, әлде қалау ма?» / «Дүкенге саяхат» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Балаларды ең маңызды заттарды (тамақ, киім, үй — қажеттілік) ермек үшін алынатын заттардан (ойыншық, тәттілер — қалау) ажырата білуге баулу.
**Ойын ережесі / Барысы:** Балалар «керек» және «қалаймын» ұғымдары бойынша карточкаларды не тауарларды топтарға бөліп орналастырады.

**«Біздің отбасының бюджеті» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Ақшаның жұмсалу бағыттарын көрсету, "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату.
**Ойын ережесі / Барысы:** Балалар отбасылық бюджеттің кіріс-шығыс ережелерімен танысып, сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы есептейді.

## 3. Тіл дамыту, қазақ тілі және математика ойындары

**«Мақал-мәтелді жалғастыр» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, сөздің мағынасына қызығушылықты арттыру, дыбыстарды анық айтуға үйрету.
**Ойын ережесі / Барысы:** Тәрбиеші мақалдың басын бастайды, балалар мағынасына қарай жылдам әрі дыбыстарын дұрыс айтып, мақалды жалғастыруы керек.

**«Аңдарды қоректендір» дидактикалық ойыны**

**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығаруды үйрету.
**Ойын ережесі / Барысы:** Балалар аңдардың суреттеріне сай келетін тағамдарды (заттарды) санап бөледі, жетпеген жағдайда бір зат қосу немесе артық болса алып тастау арқылы сандарды теңестіреді.

**«Пішіндерді боя» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуға үйрету.
**Ойын ережесі / Барысы:** Балалар берілген геометриялық пішіндердің контурынан шықпай, қарындашты басу күшін реттей отырып немесе акварельді сумен араластырып дұрыс бояуы тиіс.

**«Жұмбақтың жауабын мүсінде» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Жұмбақтар шешкізу, қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарымен таныстыру және оларды мүсіндеуге баулу.
**Ойын ережесі / Барысы:** Балалар жасырылған ұлттық ыдыстар (қазан, астау, табақ, тостаған т.б.) туралы жұмбақты шешеді, содан кейін шешуі болған затты балшықтан/ермексаздан мүсіндеп шығады.

**«Уақытты бағдарлау» / «Уақыт» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету.
**Ойын ережесі / Барысы:** Ойыншық сағаттың тілдерін жылжыту немесе циферблатта көрсетілген уақытқа қарап, сағат неше болғанын ереже бойынша дұрыс тауып айту.

**«Заттар әлемі» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Заттардың белгілерін нақтылау, материалдарды (ағаш, темір, пластмасса т.б.) анықтау, қасиеттерін сипаттау.
**Ойын ережесі / Барысы:** Балалар бейтаныс немесе таныс заттарды сипаттап, олардың қандай материалдан жасалғанын және тұрмыста қалай қолданылатынын талдап түсіндіреді.

**«Кім не істейді?» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлем түрлерін ажыратуды жетілдіру.
**Ойын ережесі / Барысы:** Көрсетілген қимыл-қозғалыс немесе суретке қарап, балалар сөйлемді хабарлы, сұраулы немесе лепті интонациямен ережеге сай құрап айтады.

**«Не дыбыстайды?» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Сөздерді дұрыс байланыстырып, дыбыстар мен сөйлемдерді ажыратып сөйлеуге баулу.

**«Адасқан цифрлар» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, теңсіздіктен теңдік шығару.
**Ойын ережесі / Барысы:** Сандардың реті бұзылып қойылады, балалар оларды орындарына (1-ден 10-ға дейін) тізіп, ереже бойынша тура және кері орналастыруы керек.

**«Жаңылтпаштарды қайтала» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету, шешендікке баулу.
**Ойын ережесі / Барысы:** Айтылған жаңылтпашты мүдірмей, дыбыстарын анық сақтап, тез қайталап шығу керек.

## 4. Қауіпсіздік және Экология ойындары

**«Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Сырғанақ, боран, аяз сияқты кездейсоқ жағдайларда өзін дұрыс ұстау ережелерін үйрету.
**Ойын ережесі / Барысы:** Сұрақ-жауап және суреттер арқылы қыста далада қалай жүру керектігі (мысалы, мұзда асықпай жүру, қолды қалтаға салмау) ереже ретінде бекітіледі.

**«Қауіпті – қауіпсіз» сөздік ойыны (Доппен ойын)**
**Міндеті:** Қауіпті және қауіпсіз іс-әрекеттерді ажырата білу.
**Ойын ережесі / Барысы:** Тәрбиеші допты балаға лақтырып, бір іс-әрекетті атайды. Егер ол **қауіпсіз** болса (мысалы: ойыншықтарды жинау, бағдаршамға қарау), бала допты қағып алады. Егер әрекет **қауіпті** болса (мысалы: терезеден сығалау, дәрілермен ойнау), бала допты қақпай, кері итереді.

**«Қауіпті заттарды жина» дидактикалық ойыны**
**Міндеті:** Үйдегі өткір, кесетін және қауіпті заттарды анықтауды үйрету.
**Ойын ережесі / Барысы:** Үстел үстінде ойыншықтар мен қауіпті заттардың (қайшы, пышақ, ине, дәрі, үтік, қуыршақ, доп) суреттері араласып жатады. Балалар екі топқа бөлінеді: бірінші топ «қауіпсіз ойыншықтарды» кәдімгі себетке, екінші топ «тиісуге болмайтын қауіпті заттарды» арнайы қызыл жәшікке жинауы тиіс. Соңында әр заттың неліктен қауіпті екені ереже бойынша талқыланады.

**«Ауа-райы сөзіне анықтаманы ірікте» дидактикалық ойыны (Серуенде)**
**Міндеті:** Жансыз табиғаттағы өзгерістерді сипаттау сөздерін іріктеу.
**Ойын ережесі / Барысы:** Балалар ағымдағы күннің ерекшелігіне қарай «қарлы», «аязды», «суық», «желді» деген сөздерді тауып, ауа райын ережеге сай сипаттайды.

**«Жақсы-нашар» дидактикалық ойыны (Серуенде)**
**Міндеті:** Табиғаттағы қарама-қайшылықтарды, құбылыстардың жағымды және жағымсыз жақтарын көре білуге үйрету.
**Ойын ережесі / Барысы:** Желдің немесе аяздың ықпалымен болатын өзгерістер аталады (мысалы, желдің пайдасы мен зияны). Балалар кезекпен құбылыстың «жақсы» (жағымды) және «нашар» (жағымсыз) жақтарын атап шығуы керек

## Музыкалық ойындар:

**«Көңілді – мұңды» ойыны**

(музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)
Ойын материалы: Төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.
Көңілді
Жылқы жағалауда жүр екен
Жасыл желек үстінде.
Ол басын шұлғып,
Қара жалың желпілдетіп,
Алтын жүгенін сылдырлатып
Сыңғыр, сыңғыр ете
Тағып алған қоңыраулары,
Жорғалап ол жүреді

Мұңды
Мұңды көңілсіз жануарлар,
Олар ауырып қалған шығар.
Қоянның аяғы ауырып тұр,
Тұнжырап мұңайып тұр.
Сондықтанда олар,
Иттің басы ауырып тұр

**«Үнінен таны»**

Ойын материалы: Дабыл, сылдырмақ, үскірік, кселафон, керме (ширма)
Ойын барысы.
Музыка! Музыка!
Бұл не екен өзі?
Мүмкін бұл,
Көгілдір аспан шығар!
Мүмкін бұл,
Таңғы арай шығар?

Ал, мүмкін, музыка –
Тек қана дыбыстар шығар!

Музыкалық жетекші аспаптардың бірімен ойнайды. Балалар тыңдайды және музыкалық аспаптың атын атайды. Осыдан кейін атауын тапқан музыкалық аспаптарда өз бетімен ойнайды.

**«Музыкалық сағат»**

Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады.

**«Көңілді паровоз»**

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған паровоз және аңдар.
Ойын барыс: «Көңілді паровоз» әдістемелік үстелге балалар жаққа қаратылып қойылады. Музыкалық жетекші балаларға бос терезелерге назар аударта отырып, паровоз бен оның вагондарын қарап шығуды ұсынады.
Одан әрі қарай паровозға машинашы мен жолаушылар қажет болғандықтан, оның ұзақ жолға шыға алмай тұрғанын хабарлайды. Ал вагондағы орындарға кім отыратындығын анықтауға музыка көмектеседі. Музыка жетекшісі «Қорбаңбай аю» пьесасын тыңдауды және оның атауын еске түсіруді ұсынады. Балалар пьесаның атауын табады, сөйтіп «Аш қасқыр», «Айлакер түлкі», «Көңілді қояндар».

**«Музыкадағы үш кит»**

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үш кит.
Ойын барысы: Ойын музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту үшін таныс материалдармен өткізіледі. Балалар үш шеңбер жасап тұрады, ортасында қолына «кит» ұстаған бала тұрады. «Марш» әуені ойнағанда кит – марш шеңберінде тұрған балалар марштайды. Ал «полька» әуені ойнағанда кит – биі, «Достық» әні ойнағанда кит – ән шеңберінде тұрған балалар әндетеді. Музыка жетекшісі музыкалық материалды өз қалауы мен тақырыпты бекіту қажеттілігіне байланысты таңдайды.

**«Музыкалық моншақтар»**

Ойын материалы: Түрлі – түсті картоннан жасалынған моншақтар.
Ойын барысы: Ойын балаларды қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыруды жалғастыру үшін қолданылады. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек.

Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.

**«Музыкалық үйшік»**

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үйшік және сол әйнектердің көлеміне сәйкес әртүрлі муз аспаптардың суреттері.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі балаларға үйшікті көрсетеді. Ол үйшіктің ішінде әртүрлі аспаптарда ойнайтын, көңілді музыканттардың тұратынын айтады. Егер мұқият тыңдасақ, олардың әрқайсысының қандай музыкалық аспаптарда ойнайтынын білетін боламыз. Музыка жетекшісі балаларға таныс әнді әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап айтып береді. Балаларға ол аспаптарды көрсетпеу керек. Тапсырма жүктелген бала, қандай инструмент екенін тауып карточкалардың арасынан сол инструменттің суретін алып үишіктің әйнегіне апарып жабыстырады.

**«Өз аспабыңды тап»**

Ойын материалы: Музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және түрлі түсті төртке бөлінген үш карта, және балаларға арналған муз аспаптар, ширма.
Ойын барысы: Ойынға бір жүргізуші, екі бала қажет. Жүргізуші ширманың артындағы аспаптардың жанына төртке бөлінген түсті картаны қояды, ал түссіз картаны ойнайтын балаларға таратып береді. Балаларға аспаптардың дауысын тағыда біррет тыңдатып, өлең айта бастайды солай ойын басталады. Жүргізуші суреттің бір бөлігін көтеріп сол аспапта ойнап мен қандай аспапта ойнадым деп сұрайды. Дұрыс жауап берген балаға түсті картаның бір бөлігін беріліп ол карта түссіз картаның үстіне қойылады. Ойын карта жабылғанша жалғаса береді.

## Саусақ жаттығулары:

**«Сөздер»**
1-2 деп санаймыз (саусақтарды біріктіріп бүгіп санаймыз, кері ашып санайды)
Әріптен сөз құрамыз (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақанына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді («күн» жасайды)
Күн – шуақты сөз екен (бас бармақ, ортаңғы терек, аты жоқ саусақтарды біріктіре ұстайды, сұқ саусақ пен кішкентай саусақты сәл бүге «құлақ» жасайды)
Мысық-құлақты сөз екен (сұқ саусақ пен кішкентай саусақты тік ұстайды «мұйіз» жасайды. Бас бармақ, ортаңғы саусақ, аты жоқ саусақтар біріктіріле бүгіледі)
Сиыр-мүйізді сөз екен (екі қолдың барлық саусақтарының ұштарын біріктіріп үлкен «қарбыз» жасайды)
Қарбыз-жолақты сөз екен

**«Қолтырауын»**
Қолтырауын қонақ күтуде (екі қолдың саусақтарын түйіп қайта ашып қалады)

Тістері тура шегедей (саусақтарын ашқан күйі оң алақанды сәл дөңгелетң үстіне беттестіре саусақтарды сәл дөңгелете «қолтырауынның аузын ашқан сияқты» ашып-жабады)
Бұл жерден қой өтпеді ме? (қолды төмен бос тастап, иықты жоғары көтереді)
Деп сұрадым ойын білмекке (алақандарын бір-біріне ысқылайды)
Ал ол болса тымпиып жатыр (көздерін қысады)
Көзін қысып қылқиып жатыр

**«Кім келді?»**
Қане, қане кім келді? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын созады)
Біз, біз, біз! (екі қолдағы бас бармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ үштарын бір мезгілде соғады)
Апа, апа, бұл сіз бе? (екі қолының бас бармақтарының ұштарын созады)
Иә, иә, иә! (сұқ саусақтарының ұштарын соғады)
Әке, әке, бұл сіз бе? (екі қолдарының бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады)
Ағатайым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады)
Қарындасым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (кішкене саусақтардың ұштарын соғады)
Біздер тату жанұя (барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады)
Иә, иә, иә! (алақандарымен шапалақтайды.

## Зерттеу іс-әрекеттері:

**Тәжірибе: Құм қасиеттері**
**Міндеті:** Балаларды құмның қасиеттерімен (сусымалылығы, ылғалдылығы, түсі) таныстыруды жалғастыру.
**Құралдар:** Құрғақ құм, су, ыдыстар, қалыптар (формочкалар).
**Барысы:**
1. **Құрғақ құм:** Балаларға құрғақ құмды қолмен ұстатып, оның сусымалы екенін, саусақ арасынан ағып кететінін көрсету.
2. **Ылғалды құм:** Құмға су құйып, оның түсі қарайғанын және жабысқақ болғанын байқау.
3. **Құрастыру:** Ылғалды құмнан әртүрлі пішіндер жасап, оның форманы сақтайтынын дәлелдеу.
4. **Қорытынды:** Құрғақ құм сусымалы болады, ал ылғалды құмнан кез келген фигураны мүсіндеуге болады.

**Тәжірибе: Су айналымы (Табиғаттағы айналым)**
**Міндеті:** Судың қалай буға айналатынын және жаңбыр болып жауатынын түсіндіру.
**Құралдар:** Ыстық су құйылған ыдыс, шыны қақпақ немесе тәрелке.
**Барысы:**

1. **Булану:** Ыдысқа ыстық су құйып, бетін қақпақпен жабу. Будың жоғары көтерілгенін көрсету.
2. **Конденсация:** Біраз уақыттан кейін қақпақтың астында су тамшыларының жиналғанын байқау.
3. **Жауын:** Қақпақты сәл қисайтып, тамшылардың қайтадан суға құйылғанын (жаңбыр) көрсету.

**Қорытынды:** Күн суды қыздырып, ол бу болып аспанға көтеріледі, суығанда қайтадан жаңбыр болып жерге түседі.

**Зерттеу: Нан бізге қайдан келеді?**
**Міндеті:** Нанның дастарханға келу жолы туралы түсінік беру, еңбекті құрметтеуге баулу.
**Барысы:**
1. **Дән:** Балаларға бидай дәнін көрсетіп, оның жерге егілетінін түсіндіру.
2. **Диірмен:** Дәннен ұн қалай алынатынын (тартылуын) әңгімелеу.
3. **Қамыр:** Ұннан қамыр илеп, нан пісіру процесін көрсету (бейнеролик немесе суреттер арқылы).

**Қорытынды:** Нан көптеген адамдардың (диқан, диірменші, наубайшы) қажырлы еңбегімен келеді.

**Зерттеу: Бұлт қайдан пайда болды?**
**Міндеті:** Бұлттың түзілу процесін қарапайым тәжірибемен көрсету.
**Құралдар:** Шыны банка, ыстық су, мұз кесектері.
**Барысы:**
1. **Бу жасау:** Банкаға аздап ыстық су құйып, будың пайда болуын күту.
2. **Суыту:** Банканың бетіне темір қақпақ қойып, үстіне мұз кесектерін салу.
3. **Бұлт:** Банканың ішінде жылы бу мен суық қақпақтың әсерінен "тұман" немесе "кішкентай бұлттың" пайда болғанын бақылау.

**Қорытынды:** Жылы ауа жоғары көтеріліп, суық қабатпен кездескенде бұлтқа айналады.

**Дидактикалық ойын-зерттеу: Кім қайда өмір сүреді?**
**Міндеті:** Жануарлар мен құстардың мекен ету ортасы туралы білімді бекіту.
**Барысы:**
1. **Талқылау:** Балаларға әртүрлі мекендердің (орман, су, үй, ұя) суреттерін көрсету.
2. **Сәйкестендіру:** Балалар жануарлардың мүсіндерін немесе суреттерін тиісті мекеніне қоюы керек (мысалы: балық – суға, аю – інге/орманға).
3. **Түсіндіру:** Неліктен ол жануар сол жерде өмір сүретінін айтып беру.

**«Судың қасиеттері»**
**Барысы:** Балаларға су құйылған стақандар беріледі. Судың мөлдірлігін (ішіне зат салу арқылы), дәмін және иісін тексеріп көреді. Судың түссіз, иіссіз екеніне көз жеткізеді
**Міндеті:** Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді және қорытынды жасауды дамыту.

**Тәжірибе: «Ауаны зерттеу»**

**Барысы:** Полиэтилен пакеттерді ауамен толтырып, ауаның бар екенін, оның көрінбейтінін, бірақ орын алатынын бақылайды. Желпуішпен желпіну арқылы ауа қозғалысын сезінеді.
**Міндеті:** Себеп-салдарлық байланыстарды орнату және танымдық белсенділікті арттыру.

**2.Сиқырлы айна немесе 1? 3? 5?**
90̊ астам бұрышпен екі айнаналарды қойыңыз. Бұрышқа бір алманы қойыңыз. Мұнда басталады, бірақ нағыз керемет басталады былай. Алма үшеу болды. Ал егер де айна арасындағы бұрышты біртіндеп азайта берсе, онда алма саны көбейеді. Басқаша айтқанда айналардың бұрыштары жақындаған сайын көп заттар көріне бастайды. Өзіңіздің балаңыздан сұраңыз бір алманы кеспей 3,5,7 алма жасайға болады ма деп сұрасаңыз. Ол сізге не деп жауап береді? Ал қазір жоғарыдағы тәжірибені қойыңыз.

**4. Электр зарядтары туралы тұжырымдама**
Шағын ауа шарын үрлеңіз. Осы шарды жүнге немесе теріге одан жақсысы өзіңіздің шаштарыңызға уқалаңыз, осы кезде сіз шар бөлмедегі бүкіл заттарға жабыса бастағанын көресіз; шкафқа, қабырғаға ал енді ең бастысы – балаға.
Бұл заттардың барлығында белгіленген электр зарядтары бар екенін түсіндіреді. Әр түрлі материалдардың байланысы нәтижесінде электр зарядтары бөлінеді.

**«Қар зерттеу» зерттеу іс-әрекетінің барысы**
**Міндеті:** Балаларға қардың қасиеттері (түсі, пішіні, температурасы, күйі) туралы түсінік беру, бақылау және зерттеу дағдыларын дамыту.
**Зерттеу барысы:**
**Бақылау:**
Серуен кезінде қардың түсіне назар аудару (аппақ, таза).
Қар ұшқындарын (снежинки) қолғаптың үстіне түсіріп, олардың пішінін (өрнектерін) қарастыру.
**Тәжірибе жасау:**
**«Қар неге ериді?»**: Бір кесе қарды жылы бөлмеге алып келіп, оның суға айналу процесін бақылау. Қорытынды: Қар жылы жерде ериді.
**«Қар таза ма?»**: Еріген қардың суын мақта немесе сүзгі арқылы өткізіп, оның ішіндегі қоспаларды (шаң, кір) көру. Қорытынды: Қарды ауызға салуға болмайды, ол кір.
**«Қардың қасиеті»**: Қардан аққала немесе түрлі пішіндер жасап көру арқылы оның жабысқақтығын (жылымық кезде) немесе сусымалылығын (аязда) тексеру.
**Қорытынды жасау:**
Зерттеу нәтижесінде балалар қардың суық екенін, жылыда еритінін және оның агрегаттық күйінің өзгеретінін (қатты күйден сұйыққа) түсінеді.

## Ұлттық ойындар:

**«Хан талапай»**
**Ойын ережесі:**
Ойынға бірнеше бала қатысады. Ортаға асықтар шашылады, олардың ішінде біреуі – **хан асық**. Тәрбиешінің белгісімен балалар асықтарды тез жинай бастайды. Кім хан асықты алса, сол жеңімпаз атанады. Ойын барысында балалар ережені сақтап, бір-біріне кедергі жасамауы тиіс. Ойын шапшаңдықты, зейінділікті және ептілікті дамытады.

**«Бестемше»**
**Ойын ережесі:**
Ойын үстел үстінде немесе тегіс жерде ойналады. Балалар кезекпен тастарды (немесе асықтарды) лақтырып, белгілі бір ретпен қағып алады. Әр қимыл нақты ережеге сай орындалуы керек. Қателескен бала ойынды келесі ойыншыға береді. Ойын қолдың икемділігін, ұсақ моториканы және зейінді дамытады.

**«Тақия тастамақ»**
**Ойын ережесі:**
Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала қолына тақия алып, ән айтып немесе жай жүріп балалардың артынан айналады. Ол білдіртпей бір баланың артына тақияны тастайды. Тақия артында қалған бала оны байқаса, орнынан тұрып, тақия тастаған баланы қуып жетуі керек. Егер қуып жетсе, ойыншы ауысады, жетпесе – өзі тақия тастайды. Ойын шапшаңдық пен байқампаздықты дамытады

**«Бес асық»**
**Ойын ережесі:**
Ойынға 5 асық қолданылады. Балалар асықтарды белгілі бір ретпен лақтырып, жердегі асықтарды теріп үлгеруі керек. Әр кезеңнің өз шарты бар. Қателескен бала ойынды келесі ойыншыға береді. Ойын дәлдікті, ептілікті және шыдамдылықты қалыптастырады.

**«Әткеншек»**
**Ойын ережесі:**
Балалар шеңбер жасап, қол ұстасып тұрады. Бір бала ортаға шығып, өлең немесе ән айтады. Ән ырғағымен балалар қозғалып, айналады. Ойын барысында балалар бір-бірін итермей, қауіпсіздік ережелерін сақтауы керек. Ойын ұйымшылдыққа, достыққа және қозғалыс үйлесімділігіне тәрбиелейді.

**«Ақ сүйек»**
**Міндеті:** Тез жүгіруге, тапқырлыққа, қараңғыда немесе шөп арасында затты таба білуге баулу.
**Барысы:** Бастаушы «ақ сүйекті» (ақ түсті затты) алысқа лақтырады. Балалар оны іздеуге кіріседі. Кім бірінші тапса, ол басқаларға көрсетпей, белгіленген мәреге (сөреге) жеткізуі тиіс. Басқалары оны қуып жетіп, сүйекті тартып алуға тырысады. Мәреге сүйекті жеткізген бала жеңімпаз атанады.

**«Жүзік жасырмақ»**
**Міндеті:** Балалардың байқағыштығын, тапқырлығын және зейінін дамыту.
**Барысы:** Балалар жарты шеңбер құрып, алақандарын біріктіріп отырады. Бастаушы жүзікті (немесе кішкентай затты) алақанына салып, әр баланың алақанына салған болып шығады. Бір балаға сездірмей тастап кетеді де: «Жүзігімді тап!» – дейді. Іздеуші бала жүзіктің кімде екенін табуы керек. Тапса, жүзік иесімен орын ауыстырады.

**«Бәйге»**
Бұл ойын балабақша жағдайында атпен емес, **жүгіру** немесе **«атқа міну» (таяқшамен)** түрінде өткізіледі.
**Ойын барысы:** Балалар сөре сызығына тұрады. Белгі берілгенде, олар белгіленген мәреге дейін жүгіруі керек.
**Ережесі:**
Белгі берілмей тұрып жүгіруге болмайды.
Бір-бірін итермей, өз жолымен жүгіруі тиіс.
Мәреге бірінші жеткен бала жеңімпаз атанады.

**«Көтермек»**
**Міндеті:** Қарсыласының күшін басып, оны көтеріп алу немесе тепе-теңдіктен шығару.
**Ойналу барысы:** Екі ойыншы ортаға шығып, бір-бірінің белінен немесе иығынан ұстайды. Белгі берілгенде, әрқайсысы қарсыласын жерден көтеріп алуға тырысады. Кім бірінші болып қарсыласын көтеріп алса немесе белгіленген сызықтан асырса, сол жеңімпаз атанады.